Бекітемін:

# Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** Т.Г.Шевченко атындағы ЖОББМ жанындағы «Қарлығаш» шо
**Топ** «Балапан» кіші тобы
**Балалардың жасы** 2-3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 28-02 қараша желтоқсан 2022 жыл

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Балаға қыс мезгілінің негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы", "Балаға сұрақ қою және сөйлеуді дамыту", "Жыл мезгілдері туралы әңгімелеу". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | | | | |
| | **Саусақ жаттығуы. "Алақай! Алақай!"** Алақай! Алақай! (шапалақтау) Келді суық қыс міне (алақанды уқалау), Біз далаға шығамыз (саусақтарды қимылдату), | **"Қолғап" қимылды жаттығуы.** - Балалар, қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, бәріміз бірге ойнап көрейік. Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды | **"Аулаға қыс келді" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.** қардың жауғанына қарап, қыс туралы тақпақты педагогтің соңынан мәнерлеп айтуға ынталандыру. | **"Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану).** Алғашында педагог балаларға жаттығуды жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын ашылған | **"Балықты аулаймыз" үстел ойыны.** Педагог үстелдің бетіне сопақша пішінді қатты қағаздан көлдің пішінінің қиып, баланың алдына салады, оның бетіне әртүрлі балықтардың кескіндерін үлестіріп салып қояды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жаттығу жасаймыз (шапалақтау),<br>Бір-екі! Бір-екі! (жұдырықты түю және ашу)<br>Қарды қағып, бір-екі (қолды қағу).<br>**(сөйлеуді дамыту)** | бір-біріне уқалау)<br>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншісін сипау)<br>Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ жарап тұр. (алақандарды ары-бері қозғау)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Аулаға қыс келді,<br>Қыс келді,<br>Қыс келді.<br>Қар шатырға түседі,<br>Қар ағашқа түседі,<br>Қар жерге қарай төменге,<br>Бұлттан баяу түседі.<br>Қарлар - жеңіл нүктелер,<br>Көрінбейді бұлт пен жер.<br>Түсіп жатыр,<br>Түсіп жатыр,<br>Аппақ көрпе жауып жатыр.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру)** | алақанға салып, оған үздіксіз үрлейді.<br>- Балалар, мамық қарды ұшырайықшы. Мен алақанымды ашамын, оған үздіксіз үрлеймін.<br>- Қарға не болды?<br>- Иә, қар ұшып кетті.<br>Қ. Мырза Әли "Қар".<br>Ұзақ уақыт қалықтар,<br>Жау, жау енді,<br>Мамық қар!<br>Педагог баланың әрқайсына мақта кесегін (мамығын), алақанына салатындай көлемде береді. Жаттығуды ұзаққа созу қажет емес.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | Әрбір балықтың денесінде кез келген геометриялық пішіннің ойығы болады. Балалардың қолында әртүрлі геометриялық пішіндер жинағы жатады. Балалар кез келген балықтың үстіне тура келетін пішінді тауып салса, оны аулап алды деп саналады.<br>**(сенсорика)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс. Бір-біріне қарап, барлығы қол ұстасып тұру.<br>1-1 қолды екі жаққа созу "Табиғат тамаша!" деп айту.<br>1-2 қолды жоғары көтеру, аяқтың ұшымен тұру "Күн қандай әдемі!" деп айту, демді ішке тарту; қолды екі жаққа созу | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">"Табиғат тамаша!" деп айту.<br>Бастапқы қалыпқа келу (3 рет орындау).<br>2. Бастапқы қалып: қолды алға созу, қашықтықта бір-біріне теріс қарап тұру, аяқ, иық деңгейімен бірдей.<br>2-1 қолды жібермей ұстау, оңға бұрылу "Күндей күлімдейік!" деп айту.<br>2-2 солға бұрылып, "Күндей күлімдейік!" деп айту.<br>Бастапқы қалыпқа келу (4 рет орындау). Бастапқы қалып: қолды алға созу, қашықтықтан бір-біріне қарап тұру, аяқ иық деңгейімен бірдей.<br>3-1 қолды жібермей ұстап тұрып, бірінші жұп секіреді. "Секіреміз доптай!" деп айту.<br>3-2 қолды жібермей екінші жұп секіреді, "Секіреміз доптай!" деп айту.<br>Бастапқы қалыпқа келу (4 рет орындау).<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td colspan="5">Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. Қыс келді!<br>Ду қол шапалақ!<br>Қыстың тоны аппақ!<br>Аппақ аула,<br>Қуанады бала.<br>Қыс келді!<br>Ду қол шапалақ!<br>Д. Ахметова<br>(сөйлеуді дамыту)</td></tr>
<tr><td>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</td><td>Дене шынықтыру<br>« Ұшты-ұшты » №2<br>Ойынның мазмұны: Ойынды үй ішінде де сыртта да ойнауға болады. Ойынға</td><td>Музыка<br>"Билеуге үйреніңіз»<br><br>Ойын материалы: үлкен матрешка мен ойыншылардың санына</td><td>Дене шынықтыру<br>« Түлкі мен қаздар »№10<br>Ойын мазмұны: Балалар залдың бір шетінде тұрады. Олар қаз</td><td>Дене шынықтыру.<br>« Ақ сандық, көк сандық » №11<br><br>Ойын мазмұны: Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол</td><td>Мүсіндеуден ойын-жаттығу<br>Балаларға ермексаздың тұтас бір бөлігін алақанда айналдыра илеп, домалақ пішін жасауды үйрету;</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт.Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де , ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы Ойынды былай жүргізеді.<br>Ұшты-ұшты сұңқар ұшты<br>( қол көтереді)<br>Ұшты-ұшты қарға ұшты<br>( қол көтереді)<br>Ұшты-ұшты арба ұшты<br>( қол көтермейді)<br>Ұшты-ұшты дауыл ұшты<br>( қол көтермейді)<br>Ұшты-ұшты ұшақ ұшты<br>( қол көтереді)<br>Ұшты-ұшты торғай ұшты<br>( қол көтереді)<br>Ұшты-ұшты жылан ұшты | байланысты кішкентай матрешкалар.<br><br>Ойын барысы:<br><br>Ойын балалардың кіші тобымен өткізіледі. Барлығы үстелдің айналасында отырады. Тәрбиешіде -үлкен матрешка, балаларда-кішкентай. "Үлкен<br><br>матрешка кішкентайларды билеуге үйретеді", - дейді мұғалім және<br><br>қарапайым ырғақты суретпен үстелдегі өз матрешкасымен ұрады. Барлық балалар бір уақытта матрешкаменосы ырғақты өздері қайталайды. | болып ойнайды. Бір бала түлкі болады. Ол залдың екінші шетінде тұрады. « Түлкінің » қимылын жасап әнді « Түлкі» бастайды. Қаздың қимылын жасап, « Қаздар» оған жауап береді.<br>Ән біткенде « Қаздар» қашады, « Түлкі» қуады.<br>Ұсталған<br>бала « Түлкі» болады.<br>Түлкі: Қаңқ-қаңқ қалың қаз,<br>Қашсаң пана табылмас.<br>Қаздар: Қулықты қой, қу түлкі,<br>Аузыңды жап әрі қаш!<br>Түлкі: Мамыр, мамыр, мамыр қаз,<br>Мамырламай бері бас.<br>Қаздар: Қой, қой, түлкі, сұм түлкі,<br>Балапандар әлі жас.<br>Түлкі: Тыңдамаймын сөзіңді,<br>Ұстап жеймін қане, қаш. | ұстасып отыру керек. Ойынды жүргізуші өлеңдетіп.<br>« Ертең ауылым көшеді,<br>Уық-буын шешеді.<br>Қара қойым қашады,<br>Құмалағын шашады.<br>Ақ сандық, көк сандық,<br>Арқан тарт, кілем арт!»<br>Соңғы « арт» сөзі балаларға берілген белгі, ол айтылған кезде қол ұстасып отырған балалар тез тұруы керек. Қайсысы қарсыласын арқалап кетсе, арқадағы бала үй жануарларының дауыстарын салуы керек. | алақанда мүсіндеу тәсілдерін жаттықтыру; ойын барысында қардың қасиеттері туралы түсінік беру. Мүсіндеу арқылы қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, байқағыштығы мен зейінін дамыту. Балалардың ермексаздан мүсіндерді мүсіндеуге қызығушылықтарын ояту; құрдастармен ойын ойнау кезінде өз-өзіне сенімді болуға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ( қол көтермейді)<br>Осылайша жүргізілген ойында жаңылмаған ойыншы жеңеді. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қарды бақылау (қар жауған алқап). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)**<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қараңдаршы, балалар, айналада не жатыр?<br>- Иә, айналамызда қар жатыр.<br>- Қар қайда жатыр? Қар жерде жатыр. Жарайсыңдар!<br>*Т. Шопаев "Қар".*<br>Жауды, міне, қар аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ. | **Қарды бақылау (қар жауған алқап). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>- Балалар, бәрекелді!<br>- Қараңдаршы, балалар, айналада не жатыр?<br>- Иә, ақ қар жатыр.<br>- Ақ қар қайда жатыр?<br>- Айналаның бәрі аппақ.<br>Не болған мына далаға?<br>Ағаштар аппақ тонда,<br>Бұталар аппақ болған, | **Бұлтты аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)**<br>- Балалар, аспанға қараңдаршы.<br>- Аспанның түсі көгілдір ме?<br>- Аспанның түсі сұр.<br>- Аспан сұр болса, қар жауады.<br>Көк аспанды жаулайды<br>Қалың сұр бұлттар.<br>Бір жауса тоқтамайды<br>Аппақ жауын, аппақ қар. | **Қарды бақылау (қардың жерге түсуі). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)**<br>Балалардың назарын қардың жоғарыдан төмен ақырын түсетініне аудару, қардың ақшақарлардан тұратынын, олардың жеңіл мамықтай ұшатынын байқату; зейін, түйсік, ой-қиялын дамыту.<br>*Шәймерден Әлдибекұлы "Қар".* | **Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркемсөз)**<br>Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауы райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейін, ойлау қабілетін дамыту.<br>- Балалар, айналаға қараңдаршы. Не көріп тұрсыңдар?<br>- Иә, айналада қар жатыр.<br>- Аспанымыз сұр (көгілдір).<br>- Қыста күн суық болады.<br>- Адамдарға жылы киінеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жасырыпты жолдарды,<br>Тегістепті орларды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз)**<br>Педагог балаларды еркін тұрғызып қоюына болады, қимылдарды көрсетеді.<br>Біз көңілді балалармыз, | Ақ жолдар ізге толған.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтармен қардан тазалауға шақыру.<br>Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Педагог балаларға көркемсөзді оқу арқылы қимылдарға ынталандырады. | Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**"Алақай!" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>- Балалар, қыс мезгілі келді.<br>- Қысты көтеріңкі көңіл күймен қарсы алайықшы.<br>- Алақай! Алақай! (шапалақтау)<br>Келді суық қыс міне | Ақ мақтадай ұлпа қар<br>Жамылыпты қырқалар.<br>Қалың-қалың тон киіп,<br>Маужырайды шыршалар.<br>- Балалар, байқадыңдар ма?<br>Дала қандай тыныш!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру.<br>Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>- Балалар, | - Біз нені кидік?<br>Балалар жауап бермей жатса, үстінен көрсете де алады.<br>Қыс мезгілі. Суықта<br>Қар жауады қалықтап.<br>Қар жауады қалыптап,<br>Аппақ қабықпен қаптап.<br>Қыс мезгілі. Аппақ қала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Аулада тұр аққала.<br>Д. Ахметова.<br>- Иә, аққала да жылы киінді.<br>- Балалар, қоян да жылы ақ тонын киіп алды.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру.<br>Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қатар-қатар тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп келіп асықпай.<br>Балалар сапқа жиналып тұрады, барлығы ашық жолмен жүреді.<br>Жаттығу екі рет қайталанады. | Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br><br>Ал енді біз жүгірейк,<br>Саптан қалмай үлгерейік.<br>- Жүгір, жүгір, балақай!<br>Саптан қалма, балақай!<br><br>Жүгіріп болдық, жүрейік,<br>Тыныс алып, үлгерейік.<br>Тыныс алып болайық,<br>Қадам басып, тоқтайық ...<br>Д. Ахметова | (алақанды уқалау),<br>Біз далаға шығамыз<br>(саусақтарды қимылдату),<br>Жаттығу жасаймыз<br>(шапалақтау),<br>Бір, екі! Бір, екі!<br>(жұдырықты түю және ашу)<br>Қарды қағып, бір, екі<br>(алақанды қағу). | аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ...<br>Тыныш ...<br>- Қанекей, балалар, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша ...<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. | **"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығы бірге оны шақырады.<br>Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>Бері шыға ғой, қоян!<br>Ақ құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Ақ құлақтармен ойна! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны.**<br>- Балалар, қазір сендер мына тізбекте пішіндер қалай орналасқанына қарап, өз кілемдеріңе солай саласыңдар.<br>Педагог әрбір балаға бөлек пішіндер тізбегін ұсынады.<br>"қызыл үшбұрыш" + "көк үшбұрыш" + "сары үшбұрыш" + "жасыл үшбұрыш"<br>"қызыл домалақ" + "көк домалақ" + "сары домалақ" + "жасыл домалақ"<br>"қызыл шаршы" + "көк шаршы" + "сары шаршы" + "жасыл шаршы"<br>Педагог әр баланың | **Сенсорикадан ойын-жаттығу "Дана қуыршақты серуенге шығарайық" дидактикалық ойыны.**<br>Құралдар: қуыршақ, қуыршақтың киім үлгілері немесе заттық суреттер.<br>- Балалар, Дана қуыршақты далаға шығару үшін нені кигіземіз?<br>- Қайда кигіземіз? Көрсетіңдерші.<br>Балалар кезегімен шығып, педагогтің көмегімен киім үлгілерін атайды, киетін жерін көрсетеді, педагогтің көмегімен киінуді | **"Қоян қайда?" дамытушы ойыны.**<br>Шарты: ойын бөлмесінде жасырынған қоянның орнын сілтеу есімдіктерін қолданып айту.<br>- Балалар, бізге қонаққа қоян келді.<br>- Қоян бізбен ойнағысы келеді.<br>- Ол жасырынса, тауып алу керекпіз.<br>Мен "Қоян қайда?" деп сұрасам, оны "әне", "міне", "анда" сияқты жауаптар қайтарамыз.<br>Қоян қорқақ,<br>Ұзын құлақ.<br>Бұта түбінде,<br>Қасқырға көрінбей,<br>Ақ қарда жатыр, | **"Шыршаларды құрастырайық" үстел ойыны.**<br>Құралдар: үшбұрыштардың ұсақ модельдері (пластик немесе қатпа қағаз).<br>Педагог балаларға шыршаның суретін көрсетіп, оның сұлбасын үшбұрыштардан құрастыруға мүмкіндік береді.<br>Балалар шыршаларды құрастырып болғаннан кейін, педагог үлгіні балалардың жұмыстарымен салыстырады.<br>*Ш. Әлдибекұлы* | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Алақай, қыс келді!"<br>Балаларда қыс мезгілі туралы негізгі ұғымдарды қалыптастыру; қыс мезгіліне тән табиғат құбылыстармен таныстырып, қыс айларының адам өміріне пайдалы ықпалы туралы түсініктер негізін қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тапсырманы орындау тәртібін бақылайды. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | үйренеді. Киім үлгілерінің барлығы айтылып шығуы керек. | Тыныш қана үндемей. Д. Ахметова Көркемсөзден кейін педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, ойыншықтың орнын тауып, балаларға қоянның отырған орнын айтқызады. | *"Қар".* Ақ мақтадай ұлпа қар Жамылыпты қыр қарлар. Қалың-қалың тоң киіп, Маужырайды шыршалар. **(көркем әдебиет, сенсорика, құрастыру)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Саусақ жаттығуы. "Алақай! Алақай!"** Алақай! Алақай! Келді суық қыс міне, Біз далаға шығамыз, Жаттығу жасаймыз, Бір, екі! Бір, екі! Қарды қағып, бір, екі! Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту)** | Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту)** | Қоян қорқақ, Ұзын құлақ. Бұта түбінде, Қасқырға көрінбей, Ақ қарда жатыр, Тыныш қана үндемей. Д. Ахметова **(сөйлеуді дамыту)** | Ш. Әлдибекұлы "Қар". Ақ мақтадай ұлпа қар Жамылыпты қыр қарлар. Қалың-қалың тон киіп, Маужырайды шыршалар. **(сөйлеуді дамыту)** | **"Қар жауды".** Мақсат-міндеттері. Ермексаздан ұсақ кесектерді үзіп алу, шарларды илеу амалдарын игерту. **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Балаға қыс мезгілінің негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы", "Балаға сұрақ қою және сөйлеуді дамыту", "Жыл мезгілдері туралы әңгімелеу". | | | | |

Бекітемін: [signature]

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** Т.Г.Шевченко атындағы ЖОББМ жанындағы «Қарлығаш» шо
**Топ** «Балапан» кіші тобы
**Балалардың жасы** 2-3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 5-9 желтоқсан 2022 жыл

| **Апта күндері** | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Қыстың негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы", "Балаға сұрақтарды қою және сөйлеуді дамыту", "Жыл мезгілдері туралы әңгімелеу". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **«Жоғалған зат» ойыны**. Ойын барысы Үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Оқушы қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. | **«Мен 10 заттың атауын білемін…»** Ойын барысы Бұл топтық ойын. Оқушылар шеңберге отырғызылады. Допты шеңбер бойынша бір-біріне бере отырып, әр оқушы бір сөзден айтады: «Мен… ағаштардың… 10… атауын… білемін… | **«Қайтала»** сіріңке шимен ұйымдастырылады Ойын барысы Бұл ойынды оқушылар жұптарымен ойнайды. Әр балаға сіріңкенің 6 шиінен беріледі. Екеуінің біреуі сол шилерден қандай да бір затты құрайды. Екіншісі | **«Сөздер тізбегі» ойыны** Ойын барысы Оқушылар шеңберге отырғызылады. Бірінші оқушы кез-келген бір заттың атын атайды. Мысалы: «ірімшік». Екіншісі алдыңғы айтылған сөзді атайды да, өзі бір сөз қосып айтады. | **«Есте сақта және тап»** Ойын барысы : 3-4 картинада берілген суреттерді есте сақтап, оларды атау қажет. Содан соң балалар сол бейнелерді 10-12 дана ұқсас суреттердің арасынан табу керек. Бұл жаттығуды сандар мен әріптерден де жасауға болады. Ол үшін арнайы әріптер мен сандар кассасын пайдалануға болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Заттардың санын ақырындап өсіруге болады. | қайың – бір, самырсын – екі, емен – үш» деп ары қарай жалғастырады. Жалғастыра алмаған оқушы ойыннан шығады. | бірнеше секунд көлемінде қарап алады да, оны қайтадан жасауға тырысады. Содан кейін оқушылар орнын ауыстырады, екіншісі көрсетеді, біріншісі қайталайды.<br>**Құрастыру** | Осылайша жалғаса береді. Әрбір келесі ойыншы алдында айтылған барлық сөзді ретімен атап шығады да, өзінің сөзін қосып отырады. Кім шатасады, сол ойыншы ойыннан шығады. Ал ең соңында қалған оқушы жеңімпаз атанады.<br>**Сөйлеуді дамыту** | **Сенсорика** |
| | **"Аққаланы құрастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі, ақ түсті дөңгелектерді, көздер, сәбізден мұрын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады.<br>Жұмыс жасалғаннан кейін балалар | **«Көліктермен саяхат» дидактикалық ойыны**<br>Үлкен машинада үлкен аңдар, кішкентай машинада кішкентай аңдар. Қоянның құйрығы қысқа, түлкінің ұзын құйрығы бар.<br>Құралдар: әртүрлі мөлшердегі машиналар мен | **«Аққала» саусақ жаттығуы**<br>Қане, қане балақай, (шапалақ)<br>Тұрғызамыз аққала! (қармен қалай жасайтындарын қолдарымен көрсету)<br>Аққаланы айналып, (шеңбер болып айналады)<br>Ойнаймыз біз шаттана. (шапалақ)<br>Аққала, аққала | **«Қоян»**<br>Ұзын құлақ, сұр қоян,<br>Естіп қалып сыбдырды,<br>Ойлы-қырлы жерлерден,<br>Ытқып-ытқып секірді.<br>Қарап еді артына,<br>Қиығын сап көзінің.<br>Келе жатқан томпаңдап,<br>Көжегі екен өзінің. | **Саусақ жаттығуы.**<br>Көмекшілер көп менде,<br>Күнде еңбектенеді.<br>Тыным таппай күніге,<br>Маған көмектеседі.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Демалайық, отыр тез.<br>Әрлі - берлі қозғалды,<br>Тырсылдатты жан - жақты.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Жұмысқа кіріс тез.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | педагогке ілесіп, көркем сөзді айтып, қимылдар жасайды.<br>- Аққала денесі доп-дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу)<br>Дөңгелек басына киген көк шелек, (алақандармен бастың төбесін жабу).<br>Басады қос аяқтарын майманадап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау)<br>Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу).<br>**(сенсорика)** | ойыншықтар.<br>**(сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | Сені жасап бәріміз,<br>Айналамыз қуана!<br>(шеңбер болып айналады))<br>Г.Жетписова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **(қоршаған ортамен танысу)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу** | 1. Бастапқы қалып аяқтың арасын алшақ қойып, жалау ұстаған қолдарды алда ұстау.<br>1.1. Жалауларды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6–8 рет қайталау).<br>1.2. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2. Бастапқы қалып тік тұру, жалауларды екі қолмен ұстау.<br>2–1 жерге отырып, жалауларды иық тұсына қою, тұрып жалауларды алға қою (4-5 рет қайталау).<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу.<br>3. Екі жалауды бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Қыс келді!<br>Ду қол шапалақ!<br>Қыстың тоны аппақ!<br>Аппақ аула,<br>Қуанады бала.<br>Қыс келді!<br>Ду қол шапалақ!<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру «Аққу-қаздар» №13 Ойын мазмұны:** Алаңның бір шетіне қаздар тұратын үй белгіленеді, қарсы шетіне бақташы тұрады. Үйдің бір | **Музыка**<br>**"Құралды анықта»** Ойын материалы: металлофон, қоңыраулар, қасықтар, | **Дене шынықтыру Қарағайлы ормандағы аю» №14** Ойын мазмұны: Алаңның бір жағына аюдың іні сызылады. Екінші жағына үй белгіленеді, онда | **Дене шынықтыру « Доп кімде?»№20** Жүрісі: Бір бала жүргізуші болады. Бір бала ортада көзін жұмып тұрады. Қойған балалар шеңбер жасап, қолдарын артына | **Сурет салудан ойын-жаттығу «Топтасып сурет салу»**<br>**Құрал – жабдықтары:** Ақ қағаз, қарындаш<br>**Ойын шарты:** Үстел |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жақ бүйірінде қасқыр тұратын үңгір болады. Алаңның қалған жері жайылым болады. Бақташы қаздарды жайылымға қуып шығады, олар жайылып жүреді. **Бақташы:** Қаздар, қаздар, қаңқылдап, Барасыңдар қай жаққа. Қаздар: Айна көлі жалтылдап, Жатқан жасыл аймаққа. Бақташы: Біздің жерге түсе кет, Түсіп сусын іше кет. Қаздар: Сіздің жерге түсеміз Түсіп сусын ішеміз. Бақташы: Болсын онда жол жайлы! Қаздар: Бізге ол жаққа болмайды, Жолды тосып тұр сұр қасқыр. Бақташы: Олай болса, қалаған, | таяқшалар<br><br>Ойын барысы:<br><br>Екі бала бір-біріне арқа жағымен қарап отырады. Олардың алдында үстелдерде бірдей құралдар жатыр.<br><br>Ойыншылардың бірі кез-келген аспапта ырғақты сурет бойынша орындайды, екіншісі оны сол аспапта қайталайды. Егер бала<br><br>музыкалық тапсырманы дұрыс орындаса, барлық балалар шапалақтайды. Содан кейін дұрыс жауап берген | балалар тұрады. Тәрбиеші інде отырған аюды таңдап алады. Тәрбиеші « балалар», серуендеуге барыңдар! –дегенде балалар үйден шығып орманға барады. Олар хормен мына өлеңді айтады. Аю жүрген орманнан Жидек тере мен барғам Аю отыр гүрілдеп, Жарамайды мұның, деп «Гүрілдеп» дегенде аю балаларды қуады. Аю кімге жетсе, сол ұсталған болады. Үйдің сыртынан асып кеткен балаларды ұстауға болмайды. | ұстап, иықтарын тақап тұрады (қолдары ішінен қарағанда көрінбеу керек ).<br><br>Сыртта жүрген бала сездірмей, шеңбердің сыртын айналып жүріп, бір баланың қолына ұстатады да өзі алысқа барып тұрады да «болды» дейді. Ортадағы бала көзін ашып, шеңбердің ішінде тұрып, кімде екенін көзінің т.б) біліп айту керек. Тапса допты алады. Таппаса-басын шайқайды. Сол кезде добы бар бала теріс айналып, допты көрсетеді. Сенде-деген жоғары көтеруі тиіс. | басында балалар отырады, орталарында-жарты парақ альбом беті. Парақ ортасында - төртбұрыш немесе дөңгелек пішіндегі бейнелер. Белгіден кейін парақ шеңбер бойынша келесі балаға беріледі. Парақ айналып қайтадан алғашқы балаға келеді.Тәрбиеші әр баладан не салғысы келгенін және бір-бірінің ойын жалғастыра алды ма? деген мақсатпен әңгіме құрастырады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жақтарыңа бар аман. Қаздар қанаттарын жайып, жайылым арқылы үйлеріне ұшады, ал қасқыр үңгіршек жүгіріп шығып, оларды ұстауға тырысады. Ұсталған қаздар қасқырдың үңгіріне қарай жүреді. Бірнеше рет жүгірістен кейін қасқырдың ұстаған қаздарфын санайды. Ойын 3-4 рет қайталанады. | ойыншы жұмбақ жасырады. Егер бала қателессе, онда ол тапсырманы өзі тыңдайды. | | | |
| **2- таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)** - Балалар, бәрекелді! - Қараңдаршы, | **Аула сыпырушының қыста жұмысын бақылау. ( сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Күрекшені аламыз, | **Қайыңды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Балаларды қайың ағашына апару. Оның | **Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** - Балалар, айналаға қараңдаршы. | **Қысқы шыршаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша ағашы туралы ұғымдарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айналада не жатыр?<br>- Иә, бұл қар.<br>- Қар қайда жатыр?<br>- Айналаның бәрі аппақ.<br>- Не болған мына далаға?<br>Ағаштар аппақ тонда,<br>Бұталар аппақ болған,<br>Ақ жолдар ізге толған.<br>**"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады.<br>- Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық. | Жолды қардан тазалаймыз.<br>Біз көңілді баламыз,<br>Шаршамаймыз)<br>-Қыста аула сыпырушыға қандай құралдар қажет? (Сыпырғыш, күрек, қырғыш, шелек.)<br>-Қыста сыпырушы қандай жұмыс жасайды? (Топтарға кіре берістегі жолдарды тазартады, қоқыстарды жинайды).<br>-Сыпырушының жұмысы не үшін керек? (Балабақша аумағын таза ұстау үшін).<br>**Қимылды ойын «Ақ қоян» (дене шынықтыру, көркем әдебиет)**<br>Ойын шарты:<br>Балалар дөңгеленіп | діңіне назар аударту. (Ақ, қара жолақтары - сарафанға ұқсайды.)<br>Қыста қайың өте суық болғандықтан, тынығып. Балаларға аязды күндері ағаштар мен бұталардың бұтақтары өте нәзік, тез сынатындығын, сондықтан оларды қорғауға, сындырмау керектігін түсіндіру.<br>Қысында да шырайлы,<br>Жасыл шырша ұнайды.<br>Түні бойы жауды қар,<br>Салбырады сәнді тал.<br>Сырғалы қайың, ақ қайың,<br>Баптайын, күтіп, сақтайын.<br>**«Көпіршік» қимылды ойыны.** | - Иә, айналада қар жатыр.<br>- Аспанымыз сұр (көгілдір).<br>- Бірақ қыста күн суық.<br>- Адамдарға қарандаршы, жылы киінді.<br>- Біз нені кидік?<br>Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады.<br>- Қыс мезгілі. Суықта<br>Қар жауады қалықтап.<br>Қар жауады қалыптап,<br>Аппақ қабықпен қаптап.<br>Қыс мезгілі. Аппақ қала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Ақ көшелер. Ақ сала.<br>Аулада тұр аққала.<br>Д. Ахметова. | қалыптастыру, оның ақ қар астында жасыл болып тұрғанын байқату; шыршаның үшкір қылқандарын ұстатып, жапырақтарға ұқсамайтыны, түсіп қалмайтынына назар аудару; шыршаны қабылдаудан жағымды әсер алуға тәрбиелеу.<br>Педагог балаларды жасыл шырша алдына алып келеді. Аулада шырша өспеген болса, педагог жасанды пластиктен шыршаны уақытша учаскіге шығарып қоя алады.<br>- Балалар, мынау не?<br>- Жарайсыңдар, бұл шырша.<br>- Қарандаршы, шырша ағашы бізге қуанып тұрған сияқты.<br>"Шырша".<br>Қызық-думан күн келді,<br>Жасыл шырша түрленді.<br>Аяз сүйіп, терленді,<br>Үйге кірді төрледі.<br>Ә. Табылдиев<br>**"Шыршаны айнала** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br><br>Ал енді біз жүгірейк,<br>Саптан қалмай, үлгерейік.<br>Жүгір, жүгір, балақай!<br>Саптан қалма, балақай!<br><br>Жүгіріп болдық, жүрейік,<br>Тыныс алып, үлгерейік.<br>Тыныс алып болайық,<br>Қадам басып, тоқтайық ...<br>Д. Ахметова | қол ұстасып тұрады, ортада бір бала қоян болады. Балалар барлығы бірлесе қоянды оятуға тырысады.<br>-Қояным қояным ұйқыңнан тұршы<br>Бет-қолыңды жушы,<br>Айнаға қарашы,<br>Шашыңды тарашы,<br>Мәсіңді киші,<br>Көлегіңді киші. | **(көркем әдебиет)**<br>Балалар бір-біріне жақын тұрып, қолдарын біріктіріп шеңбер құрады.<br>Тәрбиеші:<br>Көпіршікті үрлейміз!<br>Үлкен ғып үрлейміз!<br>-дейді.<br>Осылай тұрамыз, бірақ жарылып кетпейміз.<br>Балалар шеңберді кеңейтіп, тәрбиеші «Көпіршік жарылды» дегенше, қол ұстасып тұрады. Балалар еңкейіп: «шапалақ, ш-ш-ш» деп айтады.<br>Тәрбиеші көпіршіктің жарылып, одан ауа шығатынын түсіндіреді. Содан кейін балалар қайтадан көп**іршікті үрлейді.** | **"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай қимылдарды жасауды ұсынады:<br>- жасыл таңбалауыш<br>- қолға рульді ұстаған ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру;<br>- сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау,<br>- жасыл таңбалауыш<br>- жерге шоқайып отыру.<br>- Бағдаршамда жасыл шам -<br>Жол ашық, машиналар. | **билейік" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)**<br>Педагог балаларға алдын-ала безендірілген шыршаны көрсетеді.<br>– Шыршаға қараңдар,<br>Таңқалып қалмаңдар.<br>Бұтақтағы ойыншықпыз,<br>Шеңбердегі аюмыз.<br>Енді, біз түлкіміз,<br>Түлкі болып жүрміз.<br>Қоянмен біргеміз,<br>Бірге секіреміз.<br>Балалар педагогтің көрсетуіне еліктеп, жабайы аңдарға тән қимылдарды орындайды.<br>Балықтай жүземіз,<br>Үндемей күлеміз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Бағдаршамда сары шам -<br>Шапалақта, балалар.<br>Бағдаршамда қызыл шам -<br>Тоқтасын машиналар.<br>Ойын екі рет өткізіледі. | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Артығын тап" дидактикалық ойын.**<br>Тәрбиеші балаларға бірқатар суреттерді ұсынады: мысалы, қар, шана, доп (доп артық, өйткені қыс мезгіліне қатысты емес)<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **Қысқыштармен ойналатын ойын. Саусақтарға арналған жаттығу.**<br>педагогтің үлгісіне еріп, сөздерді қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Ойын шарты.<br>Жануарлардың құйрығын тауып қыстырғышпен қыстырып | **"Қоянды үйретейік" (артикуляциялық жаттығу).**<br>Балаларға қоянға көмектесуді ұсыну.<br>Ол үшін тәрбиеші көрсеткен қимылдарды бірлесіп жасау:<br>А) ауызды ашу:<br>- Қоян, аузыңды аш!<br>Міне осылай! Міне осылай!<br>Б) тістерді көрсету:<br>- Қоян, тістеріңді | **Саусақ жаттығуы «Қысқы көңіл көтеру»**<br>Қыста біз не істегенді жақсы көреміз?<br>Ақ шанамыз зырлайды,<br>Ақ қар оны шыңдайды.<br>Біреу шаңғы тебеді,<br>Біреу мұзда сырғанайды,<br>Ал біреу қардан аққала соғады.<br>**(көркем әдебиет)** | **«Суық - жылы» ойыны**<br>Тәрбиеші: «Балалар, суық жел соқты»-дейді.<br>Балалар қолдарын кеудесіне айқастыра, қорыққан кейіп көрсетеді.<br>Тәрбиеші: «Бірақ күн шықты. Күн жып-жылы болды» - дегенде, балалар демалады, жүгіріп ойнайды.<br>Тәрбиеші әрекеттерді орындайды, ал балалар оған еліктейді.<br>**(дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | біріктіреді. Ол баланың ұсақ қол моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді. **(сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | көрсетші! Міне осылай! Міне осылай!<br>В) тілді көрсету:<br>- Қоян, тіліңді көрсетші! Міне осылай! Міне осылай!<br>Г) Сәбізді тістеу:<br>- - Мен сәбізді тістедім! Әй! Әй! Әй!<br>Д) еріндерді жалау:<br>- Қоян барлық сәбізді жеді. Оған дәмді сәбіз ұнады. Ол ернін жалады. Міне осылай! Міне осылай! Ал балалар ернін майлықпен сүртеді.<br>- Рахмет! - деді қоян орманға қашып кетті. Әр жаттығуды 3 рет балалармен қайталау. **(сөйлеуді дамыту)** | | |
| **Балалардың дербес** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің | | | | |

| | |
|---|---|
| **әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Еркін рөлдік ойындар. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Қыстың негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы", "Балаға сұрақтар қою және сөйлеуді дамыту". |

Бекітемін: [signature]

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** Т.Г.Шевченко атындағы ЖОББМ жанындағы «Қарлығаш» шо
**Топ** «Балапан» кіші тобы
**Балалардың жасы** 2-3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 12-16 желтоқсан 2022 жыл

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланың түсінігінде "Қазақстанның біздің Отанымыз" ұғымын қалыптастыру", "Отан, туған өлке ұғымына не жатады?", "Баланың денсаулығын нығайту жөнінде". | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Ойын "Пирамиданы құраймыз".**<br>Түрлі-түсті шеңберлерден,<br>Пирамида құраймын,<br>Ең үстіңгі түсті алып,<br>Қайта кілемге шашамын.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | **"Менің туған қалам" иллюстрациясын қарастыру.**<br>Суретте бейнеленген қаланың көрікті жерлері туралы әңгімелер.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**"Қалашық құрастырамыз" ойын атрибуттары.**<br>"Лего" немесе ағаштан жасалынған құрылыс ойыншықтары.<br>Педагог әр балаға өз үйлерін құрастырып, ортақ құрылыстарды біріктіруге ұсыныс жасайды.<br>**(құрастыру)** | **"Шаршылардан мұнара құрастыру" дидактикалық ойыны.**<br>**Көркем сөз.**<br>Гүл бөлеп, хош иіске атырабын,<br>Ағаштар жайып салды жапырағын.<br>Самал жел сыбырласа, сыр ұрласа, -<br>Өзенде мың бұралып жатыр ағын.<br>Фариза Оңғарсынова | **"Менің Отаным" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.**<br>Құралдар: балалардың санына сай Қазақстанның кәдесый жалаулары.<br>Педагог балаларға тақпақты мәнерлеп оқып береді. Педагог жалаулар үлестіреді. Балалар қолдарына жалауларды ұстап, педагогке қосылады.<br>"Менің Отаным".<br>Отан деген – атамекен,<br>Отан деген – туған жер.<br>Отан – ана,<br>Отан үлкен,<br>Қазақстан – туған ел!<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу** | 1. Бастапқы қалып аяқтың арасын алшақ қойып, жалау ұстаған қолдарды алда ұстау.<br>1.1. Жалауларды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6–8 рет қайталау).<br>1.2. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2. Бастапқы қалып тік тұру, жалауларды екі қолмен ұстау.<br>2–1 жерге отырып, жалауларды иық тұсына қою, тұрып жалауларды алға қою (4-5 рет қайталау).<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу.<br>3. Екі жалауды бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту; қоршаған объектілерге көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Сәлем саған, Аспаным!<br>Сәлем саған, алтын Күн!<br>(Қолдарын көтеру)<br>Сәлем саған, туған Жер!<br>(Қолдарымен жоғарыда үлкен шеңбер салу)<br>Сәлем, бүкіл Жер шарым!<br>(Қолдарын кілемге баяу түсіру)<br>Сәлем, үлкен отбасым!<br>Сәлем берді балашың!<br>Төбелерінде үлкен шеңбер шығатындай етіп, барлық балалар қол ұстасып қолдарын жоғары көтереді.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**« Қу түлкі » №22**<br>Жүрісі: Балалар бір-біріне бір адымдай ара қашықтықта | **Музыка**<br>"Ән-би-марш»<br>Ойын материалы: планшетте ашылатын терезесі барертегі | **Дене шынықтыру**<br>**« Тышқан аулау »№23**<br>Ойыншылар 2 командаға бөлінеді. | **Дене шынықтыру**<br>**« Қармақ »№24**<br>Жүрісі: Балалар шеңбер жасап тұрады. Шеңбердің | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұрады ( шеңбер жасап ). Балалар көздерін жұмып тұрады. Тәрбиеші шеңберді айналып жүріп білдіртпей бір баланы түртеді. Сол бала түлкі болады. Балалар көздерін ашып бір-біріне мұқият қарайды. Қу түлкі сен қайдасың? Үш рет айтқанда қу түлкі ортаға қолын көтеріп мен мындамын деп жүгіріп шығу керек. Барлық балалар жан-жаққа қашады. Қу түлкі ұстап алуы керек. | үйлері бейнеленген. Үйлердің терезелерінде музыкаға сәйкес суреттер бар: би, марш және бесік жыры. Ойнатқыш пластиналары мен ынталандыру белгішелер.<br><br>Ойын барысы:<br><br>Жетекші мұғалім балаларға музыканы тыңдатып, үй ішінде не болып жатқанын тапқызады. Музыка ойнайды<br><br>(немесе дыбыстық жазбада әуен ойналады). Музыка арқылы балалар табады, мысалы, М.Глинканың "Балалар полкасы". Бала: "Олар үйде билейді" дейді. | Аз топ қол ұстасып шеңбер жасайды. Олар тышқан ұстаушылар. Қалғандары тышқандар, олар шеңберді айналып жүреді. Тәрбиеші « қақпаны аш » дегенде шеңбердегі балалар қолдарын босатып жоғарға көтеріп тұрады. Тышқандар өтіп жүреді. Тәрбиеші қол шапалақтағанда, шеңбердегілер қолдарын түсіріп, шеңбер ұстай қою керек. Ішінде қалғандары ұстаған тышқан алады. Олар жиналып шеңбер жасауға дайындалады, олар қақпан жасап тышқан ұстаушы болады. Ойын жалғаса береді. | ортасында тәрбиеші. Ұшына құм салынған қапшық байланған жіпті төменнен айналдырады. Балалар мұқият қарап тұрады. Өзіне келгенде жіптен секіріп үлгере алмаған бала, ойыннан уақытша шығады. Жіптері кері бағытта да айналдыруға болады. Егер секіру қиын болса, кейін қарай секіріп кетуге болады. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Тексеру үшін оған үйде терезе жапқыштарын ашуға рұқсат етіледі, терезеде би билейтін балалар бейнеленген сурет. Дұрыс жауап үшін ол<br><br>ынталандыру белгісін алады. Кімде көп белгішелер болса,сол жеңеді. | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қыста құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Торғай, торғай, тондыңба,<br>Тұра алмайсың | **Қыс мезгілінде өсімдіктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Қар жауғаннан кейін күзде отырғызылған | **Өткен адамдардың киімдерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Балалардың назарын қыстың келгеніне | **Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Машиналар жүреді ары-бері,<br>Алға және кері. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орнында?<br>Бір қонасың бір ұшып,<br>Отырасың бүрісіп.<br>Қарап қойып жай ғана,<br>Жем іздейсің айнала.<br>Үйге кірші, торғайым,<br>Мен аяздан қорғайын.<br>Үйшік жасап берейін,<br>Алдыңа жем төгейін.<br>- Құстарға көмектесу керек пе? Неліктен?<br>- Біз оларды немен тамақтандырамыз?<br>- Жемшашардан қандай қызықтар байқауға болады?<br>**Қимылды ойын «Торғайлар мен автомобиль» (дене шынықтыру)**<br>Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып | ағаштар мен бұталарды айналып өту. Олардың қаншалықты мұқият отырғызылғанын, олардың жұқа және кішкентай екенін еске түсіру.<br>Балаларға оларды жылы қармен жабуға бола ма деп сұрау, өйткені тіпті шөптер де қардың астында қатып қалмайды.<br>Мұны қалай жасау керектігін көрсету.<br>Тоңса біздің қолымыз,<br>Қолғап киіп аламыз.<br>Сарт - сарт - сарт,<br>Шапалақ соғамыз.<br>Етік киіп аламыз,<br>Топ - топ - топ.<br>Топылдатып билейміз,<br>Тоңса біздің денеміз.<br>Тонды киіп аламыз, | аудару үшін суық болды, адамдар: жылы бас киімдер, пальто, етік киді.<br>Мұндай киімде адамдарға жылы болады. Балаларды өз киімдері мен киіп отырған киімдері туралы әңгімелесу.<br>Боран соғады оң жақтан,<br>Боран соғады сол жақтан.<br>Жауған қарды ұстасақ,<br>Су өтеді қолғаптан.<br><br>**Қимылды ойын «Топ, топ, топ - тоқта!». (дене шынықтыру)**<br>Аяқпенен топ, топ,топ,<br>Алақанмен соқ, соқ, соқ.<br>Айналамыз, | Жүкті тасымалдайды,<br>Жақын жерге, алысқа бағыттайды.<br>**"Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Педагог балаларға торғайлар салынған қалташаларды үлестіреді.<br>- Балалар торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіңдерші.<br>Педагог балаларға торғайлардың қанатына ұқсатып, қолдарын жан-жаққа жайып, бұлғауды көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Балалар торғайлар жолға отырып, жемді шоқиды.<br>- Қалай шоқитынын көрсетейікші.<br>Педагог балаларға | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орындықтарда отырады. Педагог торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады. | **Қимылды ойын «Күн мен түн» (дене шынықтыру)** Тәрбиешінің белгісін мұқият тыңдауға үйрету. Тізе бүгіп, қозғалыссыз отыру. Педагог «күн» дегенде - балалар қозғалады, жүргіре алады, шапалақтайды. «Түн» - барлығы тоқтап, қозғалмауға тырысады. | айналамыз,<br>Бір орында тұрамыз. | торғайлардың жем шоқығанын, шоқайып отырып, саусақтарымен тізесіне соққылауды көрсетеді.<br>- Жарайсыңдар!<br>Педагог балалардың қимылдарын көркем сөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қадағалап жүреді.<br>- Торғайлар, торғайлар,<br>Ұшыңдар, ұшыңдар!<br>Жолға отырып қоныңдар,<br>Жемді шоқыңдар!<br>Педагог рульді ұстап, автобильді сомдайды, аланда шоқайып отырған балаларға қарай жылжиды.<br>- Автомобиль келе жатыр! | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Абайлаңдар!<br>Ұшыңдар жан-жаққа:<br>Қыш! Қыш!<br>Ойын екі рет ойнатылады. | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Ғажайып дорба".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға жаңа жылдың ерекшелігі туралы түсінік беру; ғажайып дорбадағы заттарды атауға үйрету; тақпақ арқылы сөйлеу қорын жетілдіру.<br>Балалардың жаңа сөздер арқылы есте сақтауы мен тілін, | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Қар жауды".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қысқы табиғат құбылыстарымен таныстыру; жауған қардың салмағы, түсі, қозғалу ерекшеліктерін байқап, тек қыс мезгіліне тән құбылыс екені туралы ұғымдарын | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Шыршаны безендіру".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды біркелкі заттарды ортақ сенсорлық сипаттары бойынша (көлемі, пішіні, түсі) біріктіру және салыстыру қабілеттеріне үйрету; тапсырмаларды үлгіге немесе сөздік нұсқамаға сай орындату; көлемі | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Ғажайып дорба".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға жаңа жылдың ерекшелігі туралы түсінік беру; ғажайып дорбадағы заттарды атауға үйрету; тақпақ арқылы сөйлеу қорын жетілдіру.<br>Балалардың жаңа сөздер арқылы есте сақтауы мен тілін, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | зейіні мен қабылдау қабілетін дамыту.<br><br>**"Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бірігіп шеңберді құруға үйрету; шеңберде жүріп ойын сөздерін бірге айтуға ынталандыру; тілін, жаттығуда жағымды әсерлерді алу қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларды жанына шақырады.<br>- Шарды үрлеп көрейік (шеңберге тұру, қол ұстасу),<br>Қол ұстасып, жүрейік.<br>Ортадан артқа, артқа<br>Шегіндік. Енді тоқта!<br>Үлкен қылып үрледік (тоқтау), | кеңейту; балалардың жағымды эмоцияларға бөленуіне жағдай жасау.<br><br>**"Шыршамыздай айналып" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жапырақтардың желдегі қимылдарына еліктеуге үйрету, жағымды эмоциялық әсерлерді алуға ынталандыру.<br>Педагог балаларға қолдармен жапырақтардың қимылдарын көрсетеді, көркем сөзбен сүйемелдейді.<br>Аулада өседі ағаштар,<br>Бау-бақшада тұрады | әртүрлі, бірақ түстері бірдей біркелкі үшбұрыштарды өзара салыстыра отырып, жоспарланған біртұтас бейнені құрастыруға дағдыландыру. Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдап, ажырата білу мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен байқағыштығын дамыту; жасына сай қарапайым сөйлеу бірліктерін игеру қабілеттерін жетілдіру.<br><br>**Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Шырша шары".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды үлкен | зейіні мен қабылдау қабілетін дамыту.<br><br>**"Қандай пішіндер жасырынды?" дамытушы жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді, пішіндерді қабылдауын, зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: түрлі-түсті, көлемдері бірде көрнекілік жеке геометриялық пішіндер модельдері: үшбұрыш, дөңгелек, шаршы.<br>- Балалар, пішіндер сендермен тығылмақ ойнайды. Қандай пішіндер тығылғандарын айтайықшы.<br>Педагог кезегімен | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Пах! Шарымыз жарылды! (шапалақтау, отыру) Пшшшшшшшш... (отырып жатқанда дыбыстар шығару) Балалар педагог соңынан қимылдарды қайталап жүреді. "Пах" және "Пш" дегенді балаларға қайталатып айтқызу қажет. | қатар-қатар. Созады көп бұтақтарын, Желге желпілдеп, шайқалып. | домалақ (шырша шары) кескін үшін ұсақ, бірыңғай көлемдегі домалақтармен, бір-біріне тигізбей жапсыруға үйрету; желімді пішіндерге қылқаламмен жағып, жапсыруға жаттықтыру; сүлгімен пішіндер үстінен басып, жұмысты таза істеуге үйрету; жапсыру амалдарын игерту; балалардың байқағыштығын, зейіні мен танымын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту; балалардың жапсыру іс-әрекетіне қызығушылықтарын қалыптастыру; оқу қызметінде мәдени қарым-қатынас пен | түстері бөлек екі немесе үш пішінді бір-бірінің артына жасырады. Балалар пішіндердің көрінген бұрыштары мен қырларына қарап, пішіндерді атайды. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Баулармен ойнау" ойыны.** Тәрбиеші балаларға баулармен жұмыс істеу үлгісін көрсетеді. Балалар қарандаршы, мұнда шеттерінде тесіктер бар. Сол тесіктерге бауларды кіргізу керек. Мен бір жағынан, екінші жағынан, әр тесікке бауды кіргізіп, саламын. Қандай тегіс жол пайда болғанын қараңыз. Ал енді, сендер жасап көріңдер. Балалар өздері баулармен әртүрлі | Ермексаздан ұсақ кесектерді үзіп, шарларды илеу амалдарын игерту. "Қар жауды". **(мүсіндеу)** | **"Сипау арқылы тап" ойыны.** Құрал-жабдықтар: Тәрбиеші жаңа жылдық сыйлықтар туралы толық мәлімет береді. Аяз ата жаңа жылдық сыйлықтарды қапқа салып кетіпті, сендер оларды қаптан шығармай, сипау арқылы табу және атауларын атау. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | **"Әртүрлі түстер (бірінші бөлім)" атты мультфильмін көру.** Балалардың негізгі түстер туралы ұғымдарының қалыптасуына ықпал ету, түстерді атауға ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оюлар жасап көреді. **(сенсорика)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Баланың түсінігінде "Қазақстанның біздің Отанымыз" ұғымын қалыптастыру", "Отан, туған өлке ұғымына не жатады?". | | | | |

Бекітемін: [signature]

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** Т.Г.Шевченко атындағы ЖОББМ жанындағы «Қарлығаш» шо
**Топ** «Балапан» кіші тобы
**Балалардың жасы** 2-3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 19-23 желтоқсан 2022 жыл

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Қоршаған құбылыстар жөнінде әңгімелесудің маңыздылығы", "Бала заттардың қасиеттерін қалай зерттей алады?". | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.**<br>Педагог балаларға сылдырмақтарды таратып, еркін қимылдауға мүмкіндік береді. Педагог жолдардың ырғағына сай сылдырмақ туралы тақпақты мәнерлеп оқиды, балаларды бірге қосылуға тартады.<br>- Сылдырмақты соқпақ,<br>Қолға алдық "тоқ-тақ".<br>Жаңа жылды күттік,<br>Тоқылдаттық "тук-тук". | **Саусақ жаттығуы. "Шырша ойыншықтары".**<br>Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.<br>Шыршада өседі ойыншықтар, (саусақтарды бас бармақ ұшына кезекпен тигізу)<br>Қояндар өседі, қонжықтар.<br>Шыршада, шыршада өседі алтын алма,<br>Алтын алманы жұлып алма.<br><br>Шыршаның, шыршаның инесін ұстама, (сұқ саусақпен бұлғау)<br>Саусаққа тиеді, | **"Шыршада өседі ойыншықтар" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.**<br>- Шыршада өседі ойыншықтар,<br>Қояндар өседі, қонжықтар.<br>Шыршада өседі алтын алма,<br>Алтын алманы жұлып алма.<br><br>Шыршаның инесін ұстама,<br>Саусаққа тиеді, байқа!<br>Шырша сыйлықты бермейді,<br>- Тақпақты оқып бер! – дейді.<br>Д. Ахметова | **Саусақ жаттығуы. "Домалайды, домалайды".**<br>- Домалайды, домалайды, (жұдырықтармен өзара алдында айналдыру)<br>Орнында тұрып қалмайды. (саусақпен бұлғау)<br>Оң жақ қолмен ұстап ал, (оң жаққа бұрылып, шапалақ қағу)<br>Сол жақ қолмен ұстап ал. (сол жаққа бұрылып, шапалақ қағу)<br>Отырып - ұстайсың ба? (шоқайып, шапалақ қағу)<br>Айналып ұстайсың ба? (тұрып, айналу)<br>Ұстатпайды - (саусақпен бұлғау)<br>Домалайды. | **"Сиқырлы сандықшалар" дидактикалық ойыны.**<br>Шарты: көлемі бес түрлі сандықшаларды бірін-бірінің ішіне кезегімен салып жинау.<br>- Қандай тамаша!<br>Алдымызда көп сандықша.<br>Сандықшалар бірдей емес,<br>Кішкентай, орташа, үлкен.<br>Кішкентайды үлкенірекке салайық,<br>Барлығын үлкен сандыққа жасырайық. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | байқа!<br>Шырша, шырша сыйлықты бермейді, "Тақпақты оқып беріңдер!" – дейді.(шапалақтау) | | (жұдырықтармен өзара алдында айналдыру)<br>Д. Ахметова | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығу**<br>1. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру.<br>1–1 екі қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу.<br>1–2 бір қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру,<br>екі қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>2. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алдыда екі қолмен ұстап тұру.<br>2–1 жерге отыру, допты жерге қою.<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>2–3 жерге отыру, допты жерге қою;<br>2–4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет);<br>3. Бастапқы қалыпаяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.<br>3–1 еңкею, допты жерге қою.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>3–3 еңкею, допты жерге қою;<br>3–4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойындар.<br>Мақсат-міндеттер: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге үйрету. **(музыка)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**« Қуғыншы »№25**<br>Бір баланы қуғыншылыққа тағайындайды.<br>Қалғандары әр жерге тұрады.<br>Тәрбиеші 1-2-3 қу дегенде қуғыншы қуады, қалғандары | **Музыка**<br>**Қатты, тыныш ән»**<br><br>Ойын материалы: кез-келген ойыншық<br>Ойын барысы:<br><br>Балалар жүргізушіні таңдайды. Ол бөлмеден шығып | **Дене шынықтыру**<br>**« Өрмекші мен шыбындар »№26**<br>Жүрісі: Бұл ойында бір баланы өрмекші етіп тағайындайды.<br>Қалғандары шыбын болып ызыңдап шашырап ұшып жүгіріп жүреді.<br>Тәрбиеші өрмекші | **Дене шынықтыру**<br>**« Жіптің үстімен доп лақтыру »№28**<br>Екі ағаштың немесе гимнастикалық бағанның арасына, баланың көкірегінен асатындай биіктікте, жіп немесе сетка тартылады. Жіптің | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>**Құрал – жабдықтары:** Әр түрлі геомертиялық пішіндер( бірінші аққаланың көздері- көк,екіншісінікі- қара, біріншісінің басында- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қашады. Қуғыншы қол тигізген бала шетіне шыға береді. 3-4 бала жиналғанша қуады. Содан соң ойын аяқталады. Қайта қуғыншы дайындалады. Ескертетін жайт: Қуғыншы басқа балаларды айыру үшін қуғыншыға белгі беруі керек. Қолына лента немесе киім кигізу ( бөлек ) т.б | кетеді. Барлығы ойыншықты қайда жасыру керекекенінкеліседі. Жүргізуші оны барлық балаладың ән айтқанын, әннің дыбыс деңгейінбасшылыққа ала отырып табуы керек. Дыбыс<br><br>ойыншық орналасқан жерге жақындаған сайын күшейтіледі немесе<br><br>алыстаған сайын ақырындайды. Егер бала тапсырма бойынша ойынды қайталаған кезде сәтті басқарс, ол ойыншықты жасыруға құқылы. | келді деп сигнал бергенде балалар әртүрлі пішін жасап қатып қалады. Көзін жұмып аузын ашып т.б. бет әлпетін түрлі етіп тұрып қалуға болады. Өрмекші келгенде белгілі бір уақытта қозғалмауы керек ( көзі, беті де). Өрмекші қозғалып қойған, көзін қағып т.б. баланы іздеп ұстап алады. Ұсталған баланың бірі өрмекші болып ауыса береді. | екі жағынан, оған 1 м жерде сызық жүргізіледі. Балалар тобы ( екі жағынан 4-6 адамнан ) сызықтың екі жағында бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Шетте тұрған балалардың біреуі допты қабылдайды. Тәрбиешінің « Баста» деген белгісі бойынша ол допты, сетка арқылы, қарсысында тұрған балаға лақтырады. Ол допты қабылдап, жанында тұрған балаға жібереді т.б. Доп ең соңғы ойнаушы топтардың қандай қателіктер жібергенін атап көрсетеді. | қызғылт сары, екіншісінің басында –қызыл шелек, түймелері-көк, жасыл) конвертке бірдей емес етіп геометриялық пішіндер салынады.<br>**Ойынның шарты:**<br>Тәрбиеші геометриялық пішіндер салынған конвертті үлестіріп, үлгі бойынша « аққала» құрастыруды ұсынады.Егер кейбір бөліктер жетіспесе, ол құрбысының конвертінен алуы тиіс. Жұмысбарысында балалар бір-бірімен еркін араласуы қажет.Ойын соңында балалар бірбірін тексеріп, қажетіне қарай қателіктерін түзейді.<br>**Құрастыру, жапсыру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қар ұлпалары мен жел", "Ақшақарды тап". (дене шынықтыру)** Педагогтің белгісі бойынша шеңбер бойымен жүруге үйрету, әртүрлі бағытта қозғалу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Шанамен жарыс". (дене шынықтыру)** Аяғымен итере отырып, қар үйіндісіне белгі бойынша шанамен жылжу. | **Шыршаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Шыршаның құрылымы туралы түсінік қалыптастыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жағалаудан жағалауға". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Шашырап, жан-жаққа жүгіру, секіру техникаларын дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Туға дейін секіру, "Қақпада". (дене** | **Қардың жауғанын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Маусымдық құбылыс - қардың жауы туралы білімдерін бекіту. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру. | **Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды | **Терезедегі қырауды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** Жұмбақ. Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау). Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі. Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Алға жылжыта отырып, екі аяқпен секіруге, жорғалауға жаттығу. | **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Нысанаға тигіз". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Дәлдікті дамыту, нысанаға затты дәлдеп лақтыруға үйрету. | күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. **Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)** Ептілікті, шапшаңдықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. **Өз бетімен ойындар:** өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. **(дене шынықтыру)** | құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету. **Қимылды ойын: «Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халқының ойыны). (дене шынықтыру)** «Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуін дамыту. **Өз бетімен ойындар:** ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру. |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Үйшік" ертегісі.<br>Балаларды "Үйшік" ертегісі желісімен таныстыра отырып, мазмұны бойынша эмоционалды жауаптар қайтаруға талпындыру; шығармамен таныстыруда зейінін басқа нәрсеге аудармай, мұқият тыңдауға жаттықтыру; кейіпкерлердің әрекеттері желісін бақылауға үйрету. Балалардың тілін, байқағыштығын, қабылдау қабілетін, | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығулар**<br>"Жасыл шырша".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды шыршамен таныстыра отырып, шыршаның басқа өсімдіктерге, ағашқа, гүлге, ұқсамайтыны жөнінде ұғым беру; басқа ағаштармен салыстырмалы түрде алғанда шыршаның мәңгілік жасыл ағаш екені туралы және жаңа жылда барлық адамдарға қуаныш сыйлайтын ағаштардың бірі ретінде түсінік | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Ғажайып сыйлықтар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың әннің сипаты мен қарқынын ажыратып, ырғаққа сай үйлесімді қимылдар жасай білу қабілеттерін жетілдіру; топпен ән айту дағдыларын меңгерту. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Мұнара".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды текше мен призмадан мұнара құрастыруға үйрету; мұнараны құрастыра алу қабілетін арттыру; текшелерді бір-бірінің үстіне қоя отырып, материалдардың тұрақтылығын байқай білу қабілетіне үйрету. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау қабілеттерін | **"Дұрыс орналастыр" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды жылдам қимылдауды қалыптастыру.<br>Үлкен қорапқа текшелер мен шарларды салу. Шарларды бір қорапқа, ал екінші қорапқа текшелерді салу керек.<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыт**у) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | есте сақтауын дамыту. | қалыптастыру. | | жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, қабылдауы мен байқағыштығын және танымын дамыту. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Өлең оқу.**<br>Жарқырайды жұлдыздарым,<br>Ілінген моншақтарым,<br>Жымияды көк шарларым,<br>Күлімдейді ойыншықтарым.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **Өнер бұрышындағы бірлескен әрекет. Жеке жұмыс (мүсіндеу, сурет салу, жапсыру).**<br>Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру.<br>**(мүсіндеу, сурет салу, жапсыру)** | **"Қыс" жыл мезгілі жайында әңгімелесу.**<br>(сюжеттік суреттерді қарастыру).<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру; жаз мезгілі туралы түсініктерін тиянақтау.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Салғыш ойыншықтармен" ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: салғыш ойыншықтағы ойықтардың пішіндеріне сай ұсақ бөлшектерді салуға дағдыландыру; ойын, зейінін, қабылдауын, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Әр ойыққа кескіні бойынша сәйкес суреттерін тауып салу.<br>Балалардың жағымды көңіл-күйге бөленуіне мүмкіндік | **"Көңілді саусақтар" саусаққа арналған жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру.<br>Оң қолымда бес саусақ (Оң қолының саусақтарын көрсету)<br>Сол қолымда бес саусақ (Сол қолдың саусақтарын көрсету)<br>Бәрін қоссақ – он саусақ (Екі қолының саусақтарын қосу)<br>Оң аяқпен секіремін (Екі аяқпен кезек секіру)<br>Сол аяқпен секіремін (Орында жүру) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жасау; ойлау қабілетін, зейінін, қол моторикасын дамыту.<br><br>Не боп қалды? Не боп қалды?<br>Пішіндер шашылып қалды!<br>Қане, жылдам достарым,<br>Орнына орналастыр!<br>**(сенсорика)** | **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Қоршаған құбылыстар жөнінде әңгімелесудің маңыздылығы", "Бала заттардың қасиеттерін қалай зерттей алады?". | | | | |

Бекітемін: Нуf

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** Т.Г.Шевченко атындағы ЖОББМ жанындағы «Қарлығаш» шо
**Топ** «Балапан» кіші тобы
**Балалардың жасы** 2-3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 26-30 желтоқсан 2022 жыл

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Балаға шырша қыста неге жасыл болғанын түсіндіру", "2-3 жасар баланың коммуникациялық қабілеттерінің ерекшеліктері", "Баланың мерекелік бұйымдарды әзірлеуге қатыстырудың маңызы және шарттары". | | | | |
| **Балалардың дербес** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Шырша ойыншықтарын ыдыстарға түстеріне сай жина" дидактикалық ойыны.**<br>Құралдар: түрлі түсті пластик шырша ойыншықтары; ойыншықтардың әр түсі үштен кем емес болуы керек.<br>Шарты: шар денелі ойыншықтарды бірыңғай түстер бойынша төрт себетке топтастыру.<br><br>*"Шырша".*<br>Қызық-думан күн келді,<br>Жасыл шырша түрленді.<br>Аяз сүйіп, терленді,<br>Үйге кірді төрледі. | **"Шыршаны безендір" дамытушы жаттығуы.**<br>Құралдар: педагог балалардың әрқайсына түсі жасыл қатпа қағаздан қиылған шырша кескінін және түрлі түсті дөңгелек ойыншықтар жинақтамасын табақшаға салып қояды.<br>Шарты: өз түйсігіне сүйеніп, шырша кескінін ойыншықтармен безендіру.<br>- Шырша. Ә. Табылдиев (жалғасы)<br>Сылдырайды моншағы,<br>Шыршамыздың мол | **"Аққаланы құрастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі, ақ түсті дөңгелектерді, көздер, сәбізден мұрын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады.<br>Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп, көркем сөзді айтып, қимылдар жасайды.<br>- Аққала денесі доп-дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу)<br>Дөңгелек басына киген көк шелек, | **"Қолғап" қимылды жаттығуы.**<br>- Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік.<br>- Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау)<br>Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау)<br>Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау)<br>Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандармен ары-бері бұраңдау)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **"Сыяды-сыймайды" дамытушы ойыны.**<br>Педагог алдымен балаларға үлкен және кішкентай қорапшаларды көрсетеді.<br>Балалардың бір-бірінен соң шығып, бір ойыншықтан алып, көлеміне қарай екі қорапқа салады.<br>Балалар өз әрекеттерін "сыяды" және "сыймайды" сөздерімен сүйемелдейді.<br>**(сенсорика)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ә. Табылдиев<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | шамы,<br>Бізбен бірге жайдары<br>Жарқырады,<br>жайнады.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | (алақандармен бастың төбесін жабу).<br>Басады қос аяқтарын маймаңдап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау)<br>Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығу**<br>1. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты оң қолмен ұстап тұру.<br>1–1 екі қолды жан-жаққа созу, қайтадан допты алу.<br>1–2 бір қолды алға созып, допты сол қолға ауыстыру,<br>екі қолды жан-жаққа созу, бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>2. Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып, допты алдыда екі қолмен ұстап тұру.<br>2–1 жерге отыру, допты жерге қою.<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>2–3 жерге отыру, допты жерге қою;<br>2–4 бастапқы қалыпқа келу (4 рет); | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">3. Бастапқы қалыпаяқты алшақ қойып, допты алдыға екі қолмен ұстап тұру.<br>3–1 еңкею, допты жерге қою.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу;<br>3–3 еңкею, допты жерге қою;<br>3–4 бастапқы қалыпқа келу (3 рет).<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td colspan="5">Таңғы сәлемдесу.<br>Жарқырап күн де ашылды,<br>Айналаға гүл шашылды.<br>Қайырлы күн! Біз еңбекқор баламыз!<br>Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!<br>Мақсат-міндеттер: сәлемдесу рәсіміне дағдыландыру; дағымды эмоцияларды дамыту.<br>Дербес ойын әрекеті.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойыншықтармен бөлісіп, тату ойнауды үйрету.<br>(сөйлеуді дамыту)</td></tr>
<tr><td>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</td><td>Дене шынықтыру<br>« Бақалар »№29<br>Алаңның ортасында үлкен дөңгелек шеңбер сызады немесе дөңгелек форма етіп жуан жіп тастайды.<br>Балалардың бір тобы шеңберді жағалай тұрады, ал қалғандары алаңның екінші бір жағына</td><td>Музыка<br>"Біздің әндер»<br>Ойын материалы: карта-суреттер (ойыншылардың саны бойынша),<br><br>балаларға таныс әндердің мазмұнын суреттейтін металлофон,</td><td>Дене шынықтыру<br>« Трамвай »№31<br>Балалар бір-бірімен қол ұстасып, екі-екіден бөлменің қабырғасын жағалай немесе алаңның бір жағында калоннамен сапқа тұрады, жіптің шеті байланған.<br>Тәрбиеші бөлменің кез келген бір бұрышында тұрады,</td><td>Дене шынықтыру<br>« Шар жарылды »№31<br>Тәрбиеші мен он шақты бала қол ұстаса шеңбер жасап « пф-пф-пф»-деп қолдарын кере шеңберді үлкейтіп кеңейте береді.<br>Тәрбиеші « шар жарылды»-деп дауыстап қалғанда</td><td>Мүсіндеуден ойын-жаттығу<br>«Жұмсақ ермексаздағы саусақ іздері» Балалар өздерінің қалаған түстерінен дөңгелек пішін жасап алып оған өздерінің саусақ іздерін түсіреді.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірге тәрбиеші мынандай өлең айтады.<br>Бақалар басы қалтаңдап,<br>Шоршиды жолда талтаңдап.<br>Бақ-бақ, бақ-бақ, бақ<br>Жүгіреді талтақтап.<br>Шеңберді жағалап дөңгеленіп тұрған балалар бақа сияқты секіреді. Өлең аяқталғаннан кейін, орындықта отырған балалар алақандарын соғады ( бақаларды шошытады), бақалар шалшық суға-қызықтан секіреді де жүресінен отыра кетеді.<br>Ойын аяқталған кезде, балалар рөльдерімен алмасады. | Ойын барысы:<br><br>Балаларға 2-3 карточка беріледі. Өн әуені металлофонда немесе аудио жазбада орындалады. Балалар әнді танып, қажетті картаны фишканың көмегімен жабады. Барлыққарташаныдұрыс жапқан адам жеңеді. | түсті жалаушаны көтереді, балалардың бәрі жүгіреді трамвай қозғалып, жүре бастайды. Балалар тәрбиешіге дейін жүгіріп келеді де жалауша алмаспады екен деп қарайды, егер жасыл жалау көтерілген күйінде тұрса, трамвайдың жүрісі жалғастырыла береді, егер сары немесе қызыл жалауша көтерілсе, балалар тоқтап, жасыл түсті жалаушаның көтерілгенін күтеді. Егер ойнауға талапкер көп болса, онда аялдама жасауға болады, онда балалар демалып, трамвайдың келуін күтеді. Трамвай аялдамаға жақындағанда, жүрісін баяулатады да тоқтайды, | қайталап ойнатып балаларды қол ұстаса шеңбер жасап тұруға үйретеді. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жолаушылардың бірі трамвайдан түсіп, екіншілері мініп жатады. Тәрбиеші жасыл жалаушаны көтеріп: жүруге рұқсат дейді | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қардың жауғанын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттері. Маусымдық құбылыс - қардың жаууы туралы білімдерін бекіту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ауладағы қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды тазарту. | **Қоян ойыншығын бақылау (ақ қоян). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілін қоян ойыншығына аудару; қоянның тоны ақ, ұзын құлағы, қимылдары туралы ұғымдарды қабылдауға ынталандыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін қалыптастыру. | **Жалауларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілдерін учаскенің мерекелік тақырыпқа безендірілгеніне көңіл аудару, түрлі түсті жалаушалардың желде желпілдегенін байқату.<br>- Қараңдар,<br>Таң қалмаңдар.<br>Мерекеге дайындалдық, | **Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Жұмбақ.<br>Көктен түсіп көбейді,<br>Ұқсайды өзі шекерге,<br>Бірақ ешкім жемейді,<br>Жерде жатыр бекерге.<br>Ол не? (Қар).<br>Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. | **Терезедегі қырауды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>Жұмбақ.<br>Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау).<br>Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі.<br>Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **тапсырмалары:** ауладағы қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды тазарту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру. | қабылдауға ынталандыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін қалыптастыру.<br>Педагог ақ қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады.<br>- Балалар, біздің қонағымызды таныдыңдар ма? Бұл не?<br>- Жарайсыңдар, бұл қоян.<br>- Қоянның терісі сұр ма?<br>- Қоянның терісі ақ. Жарайсыңдар!<br>- Қоянның қандай дене бөлшектері бар?<br>- Иә, Әлижан, ұзын құлақтары бар.<br>- Қоян құлықтарымен қалай қимылдайды? | желде желпілдегенін байқату.<br>- Қараңдар,<br>Таң қалмаңдар.<br>Мерекеге дайындалдық,<br>Жіпке жалаулар ілдік.<br>Желге желбіреп олар<br>Бізге көзайым болар.<br>- Балалар, бұлар не?<br>- Жалаулардың түстері қандай?<br>- Жалаулар не істейді?<br>- Жалаулар желпілдейді.<br>Қанекей, қолдарымызбен көрсетейік.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды жерге түскен ұсақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: | көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару.<br>**Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру)**<br>Ептілікті, шапшаңдықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.<br>**Еңбек:** гүлзарды | терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі.<br>Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету.<br>**Еңбек:** мұз жолын жасау. Тәрбиешімен бірге жауапкершілікпен жолға су құйып мұз айдынын жасауға үйрету. Еңбек етуге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | - Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсыңдар!<br>- Қараңдаршы, ақ қоян жылы ақ тонын киіп алды. Қоян қуанып қалды. Сендерді бірге ойнауға шақырады.<br>- Қоян қорқақ,<br>Ұзын құлақ.<br>Бұта түбінде,<br>Қасқырға көрінбей,<br>Ақ қарда жатыр,<br>Тыныш қана,<br>үндемей.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды | балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**Жалаушалармен ойын.**<br>*"Жалауша".*<br>- Не деген тамаша!<br>Қолымда таяқша,<br>Көк, жібектей, мата,<br>Желбіреген жалауша!<br>Д. Ахметова | жинастыруды ұйымдастыру. (еңбек дағдылары)<br>Қарды тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу.<br>Тапсырманы орындау, бірлесіп атқарудың кішігірім тәсілдерін қалыптастыру.<br>**Өз бетімен ойындар:** өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. **(дене шынықтыру)** | тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)<br>**Өз бетімен ойындар:** ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды.<br>- Бері шыға ғой, қоян!<br>Ақ құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Ақ құлақтармен ойна!<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)** | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Мақсаты: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Өнер бұрышындағы бірлескен әрекет. Жеке жұмыс (мүсіндеу).**<br>Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. | **"Сипау арқылы тап" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: заттарды сипап-сезу арқылы тану және атауға баулу.<br>Құрал-жабдықтар: Тәрбиеші жаңа жылдық сыйлықтар туралы толық мәлімет береді. Аяз ата жаңа жылдық сыйлықтарды қапқа салып кетіпті, сендер оларды қаптан шығармай, сипау арқылы табу және | **"Көңілді саусақтар" саусаққа арналған жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру.<br>Оң қолымда бес саусақ (Оң қолының саусақтарын көрсету)<br>Сол қолымда бес саусақ (Сол қолдың саусақтарын көрсету) | **"Салғыш ойыншықтармен" ойындар.**<br>Мақсат-міндеттер: салғыш ойыншықтағы ойықтардың пішіндеріне сай ұсақ бөлшектерді салуға дағдыландыру; ойын, зейінін, қабылдауын, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Әр ойыққа кескіні бойынша сәйкес суреттерін тауып | **"Қояндар сияқты секіреміз" жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: баланы алға қарай қозғалып, секіруге машықтандыру.<br>**(дене шынықтыру)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | атауларын атау. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | Бәрін қоссақ – он саусақ (Екі қолының саусақтарын қосу)<br>Оң аяқпен секіремін (Екі аяқпен кезек секіру)<br>Сол аяқпен секіремін (Орында жүру)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | салу.<br>Балалардың жағымды көңіл-күйге бөленуіне мүмкіндік жасау; ойлау қабілетін, зейінін, қол моторикасын дамыту.<br><br>Не боп қалды? Не боп қалды?<br>Пішіндер шашылып қалды!<br>Қане, жылдам достарым,<br>Орнына орналастыр!<br>**(сенсорика)** | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Жаңа жыл тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында жаңа жыл ойыншықтарын бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(сенсорика)**<br>Еркін рөлдік ойындар. | | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "2-3 жасар баланың коммуникациялық қабілеттерінің ерекшеліктері", "Баланың денсаулығын нығайту жөнінде". | | | | | |